

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРНЕШЕ ӨҢІРІНДЕ КАЗИНО ПАЙДА БОЛАДЫ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік саланы және балалар спорты қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды

Заңның мәтіні баспасөзде жарияланады. Құжатта казиноға рұқсат етілген аумақтардың да тізімі кеңейген. Бірақ оған тек шетелдік азаматтар бара алады.

Казино ашылуы мүмкін аймақтар:

Маңғыстау облысы,
Жетісу облысы,
Алматы облысы
Шығыс Қазақстан облысы.
«Айғақ»-ақпарат.

«Қазмедиа орталығының» студиясында экзит-полл нәтижелері таныстырылғаннан кейін Мемлекет басшысы мәлімдеме жасады.

– Бүгін – Қазақстан үшін тарихи күн! Еліміздің азаматтары конституциялық реформаны қолдап, референдумға белсенді түрде қатысты. Отанымыздың болашағын ойлап дауыс берді. Бұл – өте жақсы оқиға. Қазір ғана экзит-поллдың нәтижелері шықты. Соған сәйкес қазақ елі түбегейлі тарихи таңдауын жасады. Халқымызға шынайы ризашылығымды айтқым келеді. Бүгін жұртымыз дауыс беріп, Қазақстанның тарихын, тағдырын айқындады. Бұл

жаңғыру үшін дауыс берді. Бұл – біздің бәрімізге ортақ жетістік. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыұлттық референдум аса жоғары деңгейде өткенін, ашық әрі әділ болғанын айтты. Президенттің пікірінше, барлық заң талаптары мен демократиялық нормалар қатаң сақталды. Мұны еліміздің және шетелдің байқаушылары да айтып отыр.

– Азаматтар жасаған таңдаудың түпкілікті қорытындысын заңға сәйкес Орталық референдум комиссиясы ресми тәртіппен шығарады. Бірақ қазірдің өзінде Қазақстан халқы ынтымақ пен

шешім дүние жүзі тарихында мәңгі сақталады. Бұл мәселе бойынша ешқандай күмәнім жоқ. Өйткені бұл – азаматтарымыздың бойындағы нағыз отаншылдық нышаны. Енді жыл сайын 15 наурызды – Конституция күні, яғни, еліміздің ең басты мерекесінің бірі ретінде қарсы аламыз. Себебі Қазақстан

халқы жаңару мен



бірліктің, патриотизмнің, Отан тағдырына ортақ жауапкершіліктің керемет үлгісін көрсетті деп айта аламыз. Азаматтарымыздың басым бөлігі Өркендеу, Әділет, Заң мен Тәртіп, Табиғатты аялау және Тазалық жолын таңдады. Бұл – өте жақсы жол. Жаңа Халық Конституциясы елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды. Бұған ешқандай күмән жоқ. Дауыс берушілер саны бойынша ең жоғары рекордтық көрсеткіш тіркелді. Мұндай жағдай көптен бері болмап еді. Учаскеге келіп, азаматтық ұста-

нымын анық білдірген баршаға алғыс айтамын. Осы арқылы күллі әлемге қазақ қоғамының саяси мәдениеті жоғары екенін паш еттік. «Бірлік бар жерде тірлік бар». Бірлік бар жерде өркендеу бар. Елдің қуаты – бірлікте. Бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Сонда ғана озық, дамыған, бәсекеге қабілетті ел боламыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан халқы

қолдаған, жаппай дауыс берген Конституция – еліміздің темірқазығы.

– Жаңа Конституция – Тәуелсіздік пен егемендік тірегі. Ата заңымыз – адам құқығы мен бостандығының мызғымас кепілі. Біз бір ел болып Заң мен тәртіп сақталатын, жауапты және жасампаз азаматтары бар Әділетті қоғам құру жолында маңызды қадам жасадық. Осылайша, бүгін ұлт тарихының жаңа парағын аштық. Алда ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Ең бастысы, халқымыз түбегейлі өзгерістерді барынша қолдайды. Біз ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, келер ұрпаққа Өркениетті, Озық Қазақстанды аманат етеміз. Мен бұған көміл сенемін. Осы референдум кезінде жастар белсенді түрде сайлауға қатысты. Жастарымызға мың да бір рақмет! Жастарымыздың дауысы, үні өте жақсы естілді. Өрқашан аман болыңыздар! Қазақ елінің қасиетті Тәуелсіздігі мәңгі болсын! Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасай берсін! Жаңа Конституциямыз құтты болсын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ақорда.

ЕРБОЛ ХАМИТОВ МИЛАН – КОРТИНА ПАРАЛИМПИДАСЫНДА ТАРИХИ АЛТЫН МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ



Қазақстандық спортшы Ербол Хамитов 2026 жылғы 6–15 наурыз аралығында Италияның Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларында өткен XIV қысқы Паралимпиаданың чемпионы атанды.

Пара биатлоннан 4,5 км қашықтықтағы із қуу жарысында қазақстандық паралимпиадашы тамаша нәтиже көрсетіп, алтын медаль жеңіп алып, отандық спорт тарихына өз есімін жазды.

Бұл жеңіс ұлттық құрама үшін маңызды жетістік болып, Қазақстанның паралимпиадалық қозғалысы тарихындағы жарқын сәттердің біріне айналды.

Сонымен қатар, пара шаңғы жарысының финалында Ербол Хамитов жоғары шеберлік танытып, қола медаль иеленді. Қарсыластарының мықтылығына қарамастан, спортшы жарыс бойы жоғары қарқын сақтап, соңғы метрлерге дейін табандылық көрсетті.

Бұл нәтиже Қазақстан ұлттық құрамасының қысқы Паралимпиададағы әлеуетін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Спортшының жетістігі – көпжылдық дайындықтың, мемлекет тарапынан көрсетілген жүйелі қолдаудың, бапкерлер еңбегінің және команданың бірлескен жұмысының нәтижесі.

Паралимпиадаға дайындық аясында 2025 жылдың басынан бастап ұлттық құрама үшін 7 оқу-жаттығу жиынын өткізу жоспарланды, оның ішінде 2 жиын Қазақстан аумағында, 5 жиын шетелде ұйымдастырылды.

Спортшылардың дайындығын күшейту мақсатында 2025 жыл-

ғы 25 сәуірде келісімшарт негізінде пара шаңғы жарысы мен пара биатлон бойынша жаттықтырушы-кеңесші Роман Александрович Петушков жұмысқа тартылды.

Сонымен қатар, команда пара биатлонға арналған винтовкалармен, жаттығу және жарысқа арналған спорттық экипировкамен толық қамтамасыз етілді.

Ербол Хамитовтың тарихи жеңісі қазақстандық спортшылардың халықаралық аренадағы табысты өнерін жалғастырды. Осылайша, Олимпиадада Михаил Шайдаров бастаған жеңісті жол Паралимпиадада Ербол Хамитовтың жеңісімен жалғасты.

17 наурызда елорда әуежайында пара биатлоннан қысқы Паралимпиада чемпионы әрі пара шаңғы жарысынан қола жүлдегері Ербол Хамитовты салтанатты түрде қарсы алды.

Спортшыны жанкүйерлер, туған-туыстары және спорт саласының өкілдері күтіп алды. Ербол Хамитовты пен ұлттық құраманың спортшыларын Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов және Ұлттық

паралимпиада комитетінің өкілі Бахыт Сапаров құттықтады.

«Еліміз үшін қуанышты күн. Тарихымызда алғаш рет Паралимпиада ойындарында пара биатлоннан алтын медаль жеңіп алып, оған қоса бір Паралимпиадада екі бірдей медаль еншіледік. Бұл нәтиже – ерен еңбек пен тыңғылықты дайындықтың, мықты рухтың көрінісі. Осы ойындарға ұлттық құрама 7 спортшымен 2 спорт түрінен қатысып, жалпыкомандалық есепте 18-орынға тұрақтады. Спортшылардың әрқайсысы ел намысын абыроймен қорғады. Біз сіздермен мақтанамыз», – деді ол. Сондай-ақ, министр бапкерлер құрамының еңбегін де атап өтті.

Шара барысында демеушілік танытқан құрылыс компаниясы Ербол Хамитовқа екі бөлмелі пәтердің кілті табыстады.

Өз кезегінде спортшы да жанкүйерлеріне алғысын білдіріп, арман-мақсатқа адал болу керектігін атап өтті. Ол бұл жетістік алдағы уақытта бұдан да үлкен нәтижелерге жетуге мотивация беретінін айтты.

Шолушы.



www.aigak.kz

RESPUBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jymalstika Akademiasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jymalister odaqynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaǵy sylyqtarynyń, "Altyn júrek" sylyǵynyń iegeri




№11 /sársenbi/ 18 naýрыз 2026 jyl

ПРЕЗИДЕНТ КЕЗЕКТІ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2026 жылдың наурыз – маусымында және қыркүйек – желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлыққа қол қойды.

Ақорда.



GIZ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАССЕЙНДІК СУ ИНСПЕКЦИЯЛАРЫНА 240 ЖАҢА ТЕХНИКА БЕРЕДІ



Германияның халықаралық ынтымақтастық қоғамы (GIZ) Су ресурстары және ирригация министрлігіне 240 жаңа техника береді. Оның ішінде 110 жүйелік блок, 50 планшет, 60 ноутбук және 20 монитор бар.

Бұл техника бассейндік су инспекцияларына беріледі. Қазіргі таңда министрлік 130 техниканы қабылдап үлгерді. Қалған 110-ы жыл соңына дейін жеткізіледі.

Техникалық жабдықтау 2023 жылдың қазан айында Су ресурстары және ирригация министрлігі мен GIZ арасында жасалған келісім ая-

сында жүзеге асып жатыр.

«Жаңа техника елдің су қорын қорғаумен айналысатын бассейндік инспекциялардың жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Техникалық жабдықтаумен қатар, министрлік құрылғаннан бері инспекция бөлімдері әр облыс орталығында ашылды, ал қызметкерлер саны екі есеге артты. Сонымен бірге былтыр қабылданған Су кодексі инспекторлардың бақылау және қадағалау өкілеттіктерін кеңейтті», – деді Су ресурстары және ирригация министрінің бірінші орынбасары Нұрлан Алдамжаров.

БАЛАЛАР СПОРТЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІ ЕКІ ЕСЕГЕ ЖУЫҚ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы «Туристік саланы және балалар спортын қолдау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Құжат балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру жүйесін енгізуді көздейді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында Туризм және спорт министрлігі балалар мен жасөспірімдер спортын қаржыландыру жүйесін жаңғыртуға бағытталған тиісті заң жобасын әзірледі.

Жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесіне көшу балалар мен жасөспірімдер спортын қамтамасыз ету деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде бір спортшыны қамтамасыз етуге жылына орта есеппен 415 мың теңге бөлінеді. Қазіргі уақытта сметалық қаржыландыру кезінде бұл көрсеткіш орта есеппен 233 мың теңгені құрайды.

Айта кету керек, осы уақытқа дейін Туризм және спорт министрлігі сметалық қаржыландыру жүйесін қолданатын жалғыз мемлекеттік орган болып келді. Осыған байланысты саланы басқару тиімділігін арттыру мақсатында жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесіне көшу жоспарланып отыр.

Биыл 1–3 қазан аралығында елорда Орталық Еуразиядағы ең ірі технологиялық оқиға – AI & Digital Bridge 2026 халықаралық форумының алаңына айналады. Бұрын Digital Bridge атауымен белгілі болған форум жаңартылған форматта өткізіліп, Қазақстанның жасанды интеллект пен цифрлық экономиканы дамытуға бағытталған басымдықтарын айқын көрсетеді, деп хабарлайды ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі.

AI & Digital Bridge форумында жетекші технологиялық компаниялар, кәсіпкерлер, инвесторлар, зерттеушілер және мемлекеттік институттардың өкілдері бір алаңда бас қосып, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект және инновациялық экономика болашағын талқылайды.

АСТАНАДА AI & DIGITAL BRIDGE ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІТ-ФОРУМЫ ӨТЕДІ

Форумның ресми бағдарламасындағы стратегиялық іс-шаралардың бірі – Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің отырысы. Жиында елдегі AI экожүйесін



дамыту, жасанды интеллект саласындағы ұлттық саясатты іске асыру және жаңа цифрлық экономика үшін кадр даярлау мәселелері қарастырылады.

Форум бағдарламасының дәстүрлі әрі көпшілік асыға

күтетін бөлімдерінің бірі – Astana Hub Battle халықаралық стартап-байқауы. Бұдан бөлек жасанды интеллект саласындағы жаңа есімдерді танытуға ықпал ететін ау-

қымды халықаралық жарыс өтеді. Жас IT-командалар үшін бұл идеяларын таныстырып, жобаларын дамытуға қолдау табудың маңызды алаңы болмақ.

Бүгінде AI & Digital Bridge аймақтың жетекші технологиялық оқиғаларының біріне айналды. Жеті жыл ішінде форумға 100 елден 127 мыңнан астам адам қатысып, 1500-ден астам спикер ой қозғап, 600-ден астам стартап жаһан назарына таныстырылды.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің оқу үдерісінде жасанды интеллект құралдары белсенді қолданылады. Колледждердің заманауи шеберханалары мен зертханалары цифрлық технологиялармен толықтырылады, бұл педагогтің жұмыс сипатын өзгертіп, кадрлар даярлау үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Бүгінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде 763 колледжде шамамен 556 мың студент білім алып жүр. Студенттердің 70%-ы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тегін оқиды, ал кадрлар даярлауға шамамен 40 мың педагог тартылған.

Осы жұмыс аясында ChatGPT Edu білім беру платформасын колледждерге кіріктіру жұмысы жүргізіліп жатыр. Педагогтерге OpenAI Education for Countries халықаралық бағдарламасы бойынша Министрлікке берілген жалпы квотадан 10 000 лицензия бөлінді. Қазақстан осы бастамаға қосылған Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет болды.

ChatGPT Edu педагогтерге сабақ жоспарларын, тесттер мен практикалық кейстерді жедел дайындауға, күрделі техникалық материалдарды қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне бейімдеуге, студенттермен кері байланыс орнатуға көмектеседі. Колледждердің



оқу үдерісінде жасанды интеллектті қолдану экономиканың заманауи технологиялық және инновациялық салаларында жұмыс істеу үшін қажетті цифрлық дағдылар мен құзыреттерге ие мамандарды даярлауға ықпал етеді.

Сонымен қатар кадр даярлаудың мазмұны жаңартылады. Колледждердің білім беру бағдарламаларына заманауи өндірістік технологиялар мен WorldSkills стандарттарына бағдарланған цифрлық модульдер енгізілді. Цифрлық құралдармен толықтырылған заманауи шеберханалар колледждерді жастар үшін тартымды етіп, технологиялық тұрғыдан дамып келе жатқан салалар үшін мамандар даярлауға ықпал етеді.

EGOV BUSINESS КӘСІПКЕРЛЕР ҮШІН ЫҢҒАЙЛЫ БОЛА ТҮСПЕК

Премьер-Министрдің орынбасары - Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің пен «Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасы Қанат Шарлапаевтың төрағалығымен eGov Business платформасын қайта жүктеу мәселесі талқыланды. Мемлекет басшысы қойған негізгі міндет - бизнес пен үкіметтің арасын барынша қарапайым, жылдам және болжамды ету.

Трансформацияның басты мәні барлық процестердің толықтай цифрландырылуы мен ашықтығы болып табылады. Бекітілген жоспарлар мен іске асырылған сервистерге қосымша, кеңеске қатысушылар жұмыстың үйреншікті логикасын өзгертетін жаңа тәсілдерді талқылады.

Атап айтқанда, шешім қабылдау кезінде объективтілікті қамтамасыз ету үшін жасанды

интеллекті енгізу туралы сөз болды. Форс-мажорлық жағдайлар бойынша құжаттарды талдауды алгоритмдер өз мойнына алады деп жоспарлануда. Бұл субъективтілікті жоюға көмектеседі: жүйе Big Data негізінде фактілерді бейтарап бағалап, жедел әрі нақты жауап береді.

Сонымен қатар бюрократиялық рәсімдерді қысқарту мәселесі шешілуде. «Атамекен» ҰКП-дағы әріптестер бизнес пен қауымдастықтардың мөртебесін тексеруді автоматтандыру қажеттігін айтты. Нақты уақыт режимінде цифрлық дерекқорлар арқылы валидациядан өткізу мөртебені лезде растауға мүмкіндік береді, бұл кәсіпкерлерді қосымша анықтамалар жинаудан толық босатады. Ашықтыққа жасалған тағы бір маңызды қадам - қуаттар мен жер учаскелерінің интерактивті карталары ар-

қылы инфрақұрылым туралы деректердің қолжетімді болуы.

Кездесуде құзыреттерді дамыту бойынша да маңызды мәселе талқыланды. Жаңа құралдарды тиімді пайдалану үшін кәсіпкерлерге ЖИ-дағдыларына оқытудың қолданыстағы бағдарламасына (AI Corporate) қосылу ұсынылады. МИИЦР мен «Атамекен» бұл жобаны өңірлерге ауқымдау жоспарлап отыр. Бұл бүкіл ел бойынша бизнеске тек мемлекеттік қызметтерді алып қана қоймай, сонымен қатар өздерінің ішкі процестерін автоматтандыру үшін ЖИ-агенттерді енгізуге мүмкіндік береді.

Операциялық процестерді 4 есе нысаналы жеделдету - бұл мемлекетті әрбір кәсіпкер үшін тиімді және технологиялық ассистентке айналдыратын қажетті нәтиже.

Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.

Түркістан қаласында халықаралық көлік дәлізі бойында автокөлік компрессорлық газ құю станциясы (АГТКС) бар заманауи жол бойы сервистік орталық іске қосылды. Нысанның ашылу рәсіміне Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов, қала әкімі Әзімбек Пазылбекұлы, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Азат Абайдилин, сондай-ақ жобаны жүзеге асырған «Компрессорные технологии-3» ЖШС құрылтайшысы Болат Бушанов және сала өкілдері қатысты.

Салтанатты жиында сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары жобаның өңір үшін маңызын атап өтті. Оның айтуынша, мұндай инфрақұрылымдық бастамалар көлік-логистикалық өлеуетті арттырып қана қоймай, экологиялық таза отынды дамытуға және халықаралық транзит бағыттарындағы сервистік қызмет са-

пасын жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар өңірде инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетіліп келе жатқаны айтылды.

Жобаны «Компрессорные технологии-3» ЖШС жүзеге асырған. Компанияның құрылтайшысы – «Алаш Метан» ЖШС. Бастаманың негізгі мақсаты – автокөлік газ толтыру компрессорлық станциялары бар жол бойы сервистік пункттер желісін қалыптастыру арқылы сығылған табиғи газды кеңінен дамыту.

Кешен халықаралық маңызы бар «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автокөлік дәлізі бойында орналасқан. Бұл бағыт еліміздегі негізгі транзиттік желілердің бірі саналады және Түр-

ЗАМАНАУИ СЕРВИСТІК ОРТАЛЫҚ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



дизель отынына қарағанда үнемді әрі экологиялық тұрғыдан тиімді. Ол атмосфераға бөлінетін зиянды заттардың мөлшерін азайтады.

Станцияның жобалық қуаты сағатына 2000–2400 текше метрді құрайды. Бұл тәулігіне шамамен 250 автокөлікті газбен қамтуға мүмкіндік береді. Орталықта жүргізушілерге сапалы әрі қолжетімді қызмет көрсетуге

барлық жағдай жасалған. Жаңа нысанның іске қосылуы өңірдің көлік инфрақұрылымын дамытуға, халықаралық транзиттік өлеуетін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және инвестициялық белсенділікті күшейтуге жол ашады.

Мамандардың айтуынша, сығылған табиғи газ дәстүрлі бензин мен

барлық жағдай жасалған.

Жаңа нысанның іске қосылуы өңірдің көлік инфрақұрылымын дамытуға, халықаралық транзиттік өлеуетін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және инвестициялық белсенділікті күшейтуге жол ашады.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА БИЫЛ ЕКІ ЖАҢА СУ ҚОЙМАСЫНЫ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛАДЫ



Түркістан облысында «Бөйдібек ата» және «Қарақуыс» су қоймаларының құрылысы аяқталуға жақын. «Бөйдібек ата» су қоймасы Түркістан облысының Бөйдібек ауданында, Балабөген мен Үлкен Бөген өзендері тоғысатын жерде, 860 гектар аумақта салынып жатыр. Су қоймасының көлемі – 68 млн текше метр. Су қоймасы бөгетінің ұзындығы – 1,75 км, биіктігі – 26 м.

Нысан вегетацияаралық

кезеңде суды жинап, ал вегетация кезеңінде қосымша су көлемін Бөген су қоймасына тиімді бағыттауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жоба бойынша жұмыстардың 80%-ы орындалды.

«Бөйдібек ата» су қоймасынан Бөген су қоймасына су жіберуді реттеу үшін «Сарқырама» каналы салынып жатыр. Ұзындығы 21,7 км болатын бұл нысан секундына 12 текше метр су өткізе алады, сондай-ақ 2,5 мың гектар

суармалы жерді сумен қамтамасыз етеді.

Көлемі 1,2 млн текше метр болатын «Қарақуыс» су қоймасы Түркістан облысының Төлеби ауданында салынып жатыр. Бұл нысан 500 гектар суармалы жерді сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Екі су қоймасындағы құрылыс-монтаж жұмыстары жыл соңына дейін толық аяқталады.

«Жаңа су қоймалары тасқын және еріген қар суын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе климаттың өзгеруі жағдайында өте маңызды. Қосымша суармалы жерлерді игеруге мүмкіндік пайда болады, сондай-ақ Бөген су қоймасындағы су деңгейін қауіпсіз реттеуге жағдай жасалады. Гидрологиялық есептеулер бойынша, Бөген өзені арқылы жыл сайын орта есеппен 165 млн текше метр су келеді. Сондықтан бұл суды жинап, жергілікті тұрғындардың қажетіне бағыттау маңызды», – деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

ШАРДАРА ТҮРҒЫНДАРЫ САПАЛЫ АУЫЗ СУМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумында халықтың әл-ауқатын арттыру және



тұрмыс сапасын жақсарту бағытындағы басым міндеттерді айқындады. Президент өз сөзінде елдегі маңызды инфрақұрылымдық жобаларға тоқталып, Түркістан облысы Шардара ауданын сапалы ауыз сумен қамту мәселесін ерекше атап өтті.

– Су – тіршілік көзі. Сондықтан халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету және экономиканы су ресурстарымен қамту – стратегиялық маңызы зор міндет. Биыл күзде Шардара су құбыры іске қосылып, қаланың 30 мың тұрғыны таза ауыз суға қол жеткізеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қазіргі таңда Түркістан облысында аталған жобаны жүзеге асыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Жоба облыс әкімі Нұралхан Көшерев тарапынан

тікелей бақылауға алынған.

Жоба аясында аудан орталығынан 39 шақырым қашықтықта орналасқан Шардара – Байыркүм жер асты су кен орнында,

нақтырақ айтқанда Қ.Тұрысбеков ауылдық округінің Тама–Тастанбек учаскелерінде құрылыс жұмыстары қарқынды жүрде. Мердігер мекеме – «Алтын констракшн» ЖШС.

Топтық су құбырының жалпы ұзындығы 39,28 шақырымды құрайды. Жобалық қуаттылығы тәулігіне 12 мың текше метр су жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар I–II көтерілімдегі су сорғы станцияларын салу және 40 шақырым электр желісін тарту қарастырылған.

Айта кетейік, 2008–2009 жылдары Шардара–Байыркүм жер асты су кен орнында қайта барлау жұмыстары жүргізіліп, су қоры бекітілген. Жоба толық іске асқанда Шардара қаласы мен оған іргелес 22 елді мекен сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

ИНВЕСТОРЛАР ТУРИЗМ САЛАСЫНДА ЖАҢА ЖОБА ҰСЫНДЫ

Түркістан облысы әкімдігі шетелдік инвесторлармен бірлесе отырып, аймақтағы экономиканы әртараптандыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және облыстың туристік тартымдылығын арттыруға күш салуда. Осы мақсатта Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек Қытайдан келген инвесторлармен кездесу өткізді. Кездесуде тараптар әріптестікті тереңдету, жаңа туристік жобаларды іске асыру жайын жан-жақты талқылады.

Облыс әкімінің орынбасары Түркістан облысының сенімді серіктес болатынын жеткізіп, өңір туралы ақпараттандырды. Сондай-ақ облыс әкімдігі тарапынан барлық қажетті қолдау көрсетіліп, жобалардың сапалы жүзеге асуы үшін барлық жағдай жасалатынын жеткізді.

– Түркістан облысы шетелдік компаниялармен ынтымақтастық орнатуға әрқашан дайын. Бүгінде өңірде Қытай инвесторларының қатысуымен бірқатар ірі жоба сәтті іске асырылуда. Әсіресе, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп саласында жаңа жобалар қолға алынған. Облыста инвесторлар үшін жақсы

жағдай жасалып, жеңілдіктер қарастырылған. Ол үшін индустриалдық және экономикалық аймақтар бар. Туризм саласын дамытуға мүмкіндіктер ашатын жобаларды қолдауға дайынбыз, – деді Қанат Қайыпбек.

Инвесторлар Түркістан облысы шетелдік компанияларға барлық қолдау көрсетіп жатқанын айтып, өңірдің өлеуетіне қызығушылық танытты. Компания туралы толық ақпарат беріп, туризм саласында жаңа жобаларды ұсынды. Демалыс аумақтарында көрініс алаңдарын, капсула үйлер орнату жобаларын таныстырды. Олар наурыз айының соңында құрылыс жұмыстарын бастауға дайын екенін айтып, жергілікті биліктен жұмыс процесін тездетуге қолдау көрсетуді сұрады.

Кездесу барысында тараптар бірқатар мәселелер бойынша пікір алмасты, сонымен қатар, облыстың туристік өлеуетін арттыру мақсатында алдағы уақытта өзара тиімді серіктестік орнату туралы келісті. Бұл жобалар облыстың экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосып, туристік инфрақұрылымның дамуына үлкен әсер етпек.

БІР МЕЗЕТТЕ 50 БҮЛДІРШІННІң ТҰСАУКЕСЕР РӘСІМІ ӨТТІ

16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай аудан орталығындағы «Самұрық» аллеясында бір мезетте 50 бүлдіршіннің тұсаукесер рәсімі өтті.

Іс-шара барысында аудан әкімі Азат Оралбаев, аудан прокуроры Абзал Қыдырбай, аудандық мәслихат төрағасы Бақдәулет Жұмабеков, аудандық полиция бөлімінің бастығы Нұркен Сарыпбеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бостан Жәкей, сондай-ақ зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер салт-дәстүрге сай бүлдіршіндердің тұсауын кесіп, ақ баталарын берді. Олар ата-аналарға ізгі тілектерін айтып, балалардың болашағы жарқын, қадамы нық болуына тілектестігін білдірді.



МҰХАММЕД


Ислам – Аллаға құлшылық ету діні, Алла тағала өзі жаратқан адамдар үшін белгілеген өмір салты.

Ислам VII ғасырда Арабияның байырғы тұрғындары арабтар арасында пайда болды. Ислам тарихы пұтқа табынушылықты әр түрлі төңірлерге табынудан бас тартуға және бір Құдайды тануға шақырған ханифтердің, пайғамбарлар мен уағызшылардың қозғалысымен басталды. Сәттілік Ислам тарихына оның басты пайғамбары, «оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын» ретінде енген адам, Мұхаммедке бұйырды. Бұл нығмет пайғамбардың есімі аталған сайын қайталанатындықтан, оның құрметі де зор. Мұхаммед Алланың жалғыз елшісі емес. Адамдар мойынсұнбаушы және күнәһар болып шықты, ал Құдай адамдарды дұрыс өмірге шақыру үшін жер бетіне пайғамбарлар жіберді. Олардың ішінде Мұса мен Иса болды.

Мұхаммед Алланың жалғыз екенін ақиқатты ашуға шақырылған. Алланың Мұхаммед арқылы жіберген бұл ақиқатына құлақ асқандар Меккеде алғашқы мұсылман қауымын құрады. Мұхаммед пен оның ізбасарларын саяси қарсыластар, Меккенің бай тұрғындары, қудалай бастады, Мұхаммедтің жақтастары 622 жылы Яскиб қаласына көшуге мәжбүр болды, содан бері ол Мәдина деп атала бастады. Мұсылман күнтізбесі хижра деп аталатын осы көші-қон күніне негізделген (мысалы, 1417 жыл 19 мамырда басталды). Мұсылман күнтізбесі ай, ал ай жылы күн жылынан он күнге қысқа. Мұхаммедке ерген мұсылмандарды ыстық жүржай, «хижра жасағандар», ал Мұхаммедті Мәдинада қолдағандарды аңсар–көмекшілер деп атаған. Екеуінің де ұрпақтарын мұсылмандар құрметтейді.

«Ислам» сөзі араб тілінен шыққан «аслама» – «бағыну». Жаңа діннің мәні Құдайға берілгендік пен табыну арқылы бейбітшілік пен тыныштық жағдайына жету болды. Ол кезде Алла тағала туралы әртүрлі пікірлер айтылып, бір Алла туралы ақиқат Мұхаммедке уахи етілген. Ол Меккеге жақын жердегі Хира тауының баурайындағы үңгірге барып, Алланың шынайы болмысын ой елегінен өткізетін. Сол жерде Алланың елшісі Жәбірейіл Мұхаммедке көрініп: «Икра! (Оқы!) – Мен оқуды білмеймін. – Адамды қан ұйғыштан жаратқан Раббыңның атымен оқы...» Ал Мұхаммед Алланың уахының алғашқы сөздерін оқып, елшісіне сенді, өйткені Алла оған оқу қабілетін берді. Бұл уахилар кейін жинақталып, Исламның қасиетті кітабы Құран Кәрімді құраған.

Құран «белгілер» деген мағынаны білдіретін тарауларға, сүрелер мен аяттарға бөлінген. Құран – Алланың сөзі, әрқашан Онымен көкте болған, бұл Алланың адамзатқа берген уахилерінің соңғысы. Алла тағала өзінің қасиетті өсиеттерін пайғамбарлар арқылы қайта-қайта жеткізген. Ақырында таңдау Мұхаммедке түсті,



Ислам

Сендердің ешқайсыларың өздеріңе қалаған нәрсені көршіңе де қалағандарыңша сын алмайсыңдар.

оның тағдыры Құдай туралы әртүрлі ойлардың болуы мүмкін емес екенін түсінуі керек еді. Бір ғана Құдай болуы мүмкін, сондықтан оны Алла деп атайды – «бұл бір Құдай». Бір-біріне қарсы адамдар болуы мүмкін емес. Барлық адамдар Құдайдан келеді және өлгеннен кейін өз істері үшін бейтарап сот алдына келу үшін Оған қайтады, сондықтан адамдар біртұтас қауым болуы керек. Әрбір мұсылман Алладан басқа төңір жоқ екенін, Мұхаммед Оның елшісі екенін өзінің іс-әрекетімен және бүкіл өмірімен терең түсінуі керек. Бұл кәулік – дүние жүзіндегі мұсылмандарды біріктіріп, ұйымдастыратын Исламның бес тірегінің біріншісі – шаһада, аркан ад-дин.

СЕНІМ НЫШАНДАРЫ

Құран мәтіндері көпшілікке қол жетімді болмады, тек сауатты мұсылмандар ғана қолжетімді болды. Олар қарапайым халыққа өсиеттердің ауызша түрінде ғана жеткен. Құранның өсиеттері мұсылман үшін өмірлік және сенім мәселелерінде даусыз, бірақ олар барлық өмірлік жағдайларды қамтымайды. Сондықтан Мұхаммед пен оның сахабаларының іс-әрекеттері, сөздері, тіпті үнсіздігі Құранның төпсірі ретінде қабылданды. Бұл мәлімдемелер, хадистер расталған немесе сенімді, сахих деп аталатын алты сенімді жиынтыққа жинақталған. Олар бірігіп Сүннетті құрайды. Түсіндіру әдістері де дамыды, ең алдымен жамағаттың келісімі, ижма, сондай-ақ ұқсастық, қияс арқылы пайымдау. Сөйтіп, өмірді, шариятты реттейтін құқықтық және моральдық кодекс әзірленді, ол араб тілінен аударғанда «түйе суға баратын жақсы басылған жол» дегенді білдіреді. Шарияттың төрт негізгі мектебі бар және мұсылмандардың көпшілігі солардың біреуі бойынша өмір сүреді.

ИСЛАМ АҒЫМДАРЫ

632 жылы Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін мұсылман қауымы екіге бөлінді. Кейбіреулер ең лайықты адам халифа – пайғамбардың мұрагері болу керек деп есептеп, Әбу Бәкірді таңдады. Басқалары халифаның орны Мұхаммедтің күйеу баласы–Әлидікі деп есептеді. Әлидің жақтастары шииттер (шиа – партия, секта) деп аталды. Шииттер қасиетті имамдар – пайғамбардың қызы Фатима мен оның күйеуі Әлидің ұрпақтары – Алланың жердегі орынбасарлары деп санайды. Шииттер 12 имам бар деп есептейді. Он екінші (жасырын) имам жасөспірім кезінде жоғалып кетті. Ол ерте ме, кеш пе, адамдарға Мәһди (мәсіх) ретінде көрінеді деген сенім бар. Шиизмге қарсы шыққан сүннизм исламдағы ортодоксалды ағымға айналды. Оны

ұстанушылар тарихи материалды бойына сіңіріп, Құранның төпсірі іспетті нәрсеге айналған сүннеттің қасиеттілігін мойындайды. Ислам ағымдары арасындағы текетірескей де өткір болды.

ИСЛАМНЫҢ ӘСЕРІ

Алғашқы жүз жылда ислам Атлант мұхитынан Қытай шекарасына дейін таралып, оның ықпалы жоғары қарқынмен жалғасты. Қазіргі уақытта әлем халқының төрттен бір бөлігін мұсылмандар құрайды. Таяу Шығыс, Солтүстік Африка елдерінде, Орталық Азияның кейбір елдерінде және Индонезияда халық түгелге жуық дерлік ислам дінін ұстанады. Ресейде халықтың бестен бір бөлігін мұсылмандар құрайды. Мұсылмандардың едәуір бөлігі Франция, Германия, Ұлыбритания және АҚШ сияқты елдерде. Қытайда мұсылмандар көп. Бастапқы кезеңде исламның таралуы ежелгі ғылым мен философияның қайта жандануына ықпал етті. Мұның ізі араб тіліндегі «әл-» анықтауыш сөзінен басталатын сөздерде қалады, мысалы, алгебра немесе алхимия, қазіргі химияның бастаушысы. Кейінірек мұсылмандар ғылыми зерттеулерге Құранға нұқсан келтірді деген сылтаумен қарсы шықты, ал Ислам олардың ертедегі ғылымы мен философиясында көрініс тапқан Құдай жаратқан әлемге деген құрметті әлі қалпына келтірген жоқ.

АЛЛАДАН БАСҚА ТӨҢІР ЖОҚ

Араб тіліндегі «Алла» сөзі «осы бір Құдай» дегенді білдіреді. Мекке маңындағы Хира тауындағы үңгірде Жәбірейіл періште арқылы илаһиян алған Мұхаммед Алладан басқа төңір жоқ екеніне, оның жалғыз, құдіретті және мәңгілік екендігіне сенеді. Сондықтан әртүрлі немесе бәсекелес құдайлар болуы мүмкін емес, мысалы, еврейлер үшін құдай, христиандар үшін құдай, көпқұдайшылар үшін құдайлар тобы.

Таухид–монотеизм (бір құдайға сену) догмасы– ислам дінінің негізі: бар нәрсені, оның ішінде адам өмірінде Алла жаратқан: барлық мұсылмандар бір отбасы, қауым – үммет құрайды: барлық тіршілік иелері өздері шыққан Аллаға қайтады. Әр адам қиямет күні Алланың алдына шығып, өмір сыйын қалай пайдаланғанына жауап береді. Зұлымдарды ауыр жаза күтіп тұр. Құдай бәрін алдын ала белгілейді, бірақ адамдар Жаратушы берген мүмкіндіктерден жасаған таңдауларына жауапты. Алла бөрінен жоғары, бірақ ол адамнан алыс емес: «Біз оған күре тамырдан да жақынбыз» (50:16). Дін – Құдайға сену және Оның өсиеттерін орындау – мұсылман өмірінің барлық салаларын қамтиды. Олар үнемі Құдайдың бар екенін сезінеді және күнделікті дұға кезінде Оған әсіресе жақын болады.

МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР

Мұхаммед пайғамбар 570 жылы Меккеде дүниеге келген. Ерте жетім

қалып, атасы мен ағасының қолында өсті. Мұхаммед саудамен айналысып, 25 жасында бай жесір Хадиджаға үйленеді. Үйленгеннен кейін ол сауданы тастап, толығымен діни ізденістерге кетті. 610 жылы Мұхаммед ой толғау үшін оқшауланып, Хира тауындағы үңгірде Жәбірейіл періште оған Құдайдың хабарын жеткізді. 613 жылдан бастап Мұхаммед таухид туралы уағыз айта бастады және арабтарды бір Алланың туының астында бірігуге шақырды.

Оның ілімдерін Меккенің бай тұрғындары қабыл алмады және ашуын тудырды–олар Мұхаммедті және оның жақтастарын қудалады, олардың кейбіреулері Эфиопияға қашып кетті. 622 жылы Мұхаммед көрші Йасрибке барды, онда халықтың көпшілігі пайғамбардың ізбасарларына қосылды. Бұл үлкен жетістік болды, сондықтан бұл қозғалыс, хижра мұсылман күнтізбесінің басы болып саналады.

Пайғамбардың ықпалы артып, ислам дінін қабылдаған тайпалар мен халықтар көбейе түсті. Мекке ең ұзақ бойы берілмеді, бірақ 630 жылы Мұхаммед қалаға кіріп, оны исламның қасиетті астанасы деп жариялады. Ол азғантай дұшпаннан басқаның бәрін кешіріп, исламды Арабстаннан тыс жерлерге тарату туралы ойлана бастады. Бірақ 63 жасында Мұхаммед қайтыс болды, ал Пайғамбар өз өсиеті бойынша Хадиджа қайтыс болғаннан кейін дұшпандық Меккеден көшіп келген Мединаға жерленді. Мұхаммедтің қабірі Мединаға келген кезде салынған алғашқы мешітке орналасқан. Мұхаммед кезіндегі габдат және үкімет қызметінің орталығы болған бұл мешіт ғасырлар бойы мұсылман билеушілерімен бірнеше рет қосылып, безендірілген. Мұхаммед сүйікті әйелі Айшаның (Хадиджадан кейін) бір кездері камералары болған және оның қолында қайтыс болған мешіт қабырғасының жанында жерленген. Қабірдің екі жағында Пайғамбардың ең жақын сахабалары және ол қайтыс болғаннан кейін мұсылман қауымын басқарған Әбу Бәкір мен Омардың қабірлері орналасқан.

ҚҰРАН

Мұсылмандардың қасиетті кітабы Құран Мұхаммедке аян түрінде түсірілген Алланың Сөзі (калам) ретінде қабылданады. Дәл осындай илаһи хабарды Мұса мен Иса пайғамбарлар да алған, бірақ қасиетті мәтінді иудилер бұрмалаған және тек араб тіліндегі Құран Құдайдың шынайы сөзін жеткізеді. Сон-



дықтан да мұсылмандар Құранды басқа тілдерге аудару мүмкін емес, оны тек оқып, түсіндіруге болады деп есептейді. Каллиграфияны мұсылмандар өнер деп санайды. Құдайдың сөздері мәтіннің құндылығын көрсетеді. Құран өзін «ашық кітап» деп атағанымен (2.2 және 12.2 сүрелер), кейбір мәтіндерді түсіну қиын және түсіндіруді қажет етеді. Құран төпсірлері–тәфсир мен тәуил – кең көлемді әдебиетті құрайды.

Құран араб тілінен аударғанда «дауыстап оқу, декламация» дегенді білдіреді. Оның мәтіні әдетте өн дауысымен оқылады. Мұхаммедке алғашқы уахи 610 жылы түседі. Оған Жәбірейіл періште келіп: «Оқы! Жаратқан Раббыңның атымен...», – деп бұйырды. 114 сүреден тұратын Құран көптеген тақырыптарды қамтиды. Ертедегі қысқа сүрелер монотеизмнің догма-

сын баяндайды, Құдайдың тарихтағы рөлі, Мұхаммедтің пайғамбарлық миссиясы, Қиямет күні және басқаларға көмектесу туралы айтады. Кейінгі сүрелер отбасы мен неке, Мединанадағы өсіп келе жатқан мұсылман қауымы (үмметі) алдында тұрған құқықтық, этикалық және әлеуметтік мәселелерге назар аударады.

ИСЛАМНЫҢ БЕС ТІРЕГІ



Бес тірегі—мұсылмандық өмір салтының негізі. Бірінші тірек—шахадат, «Лә иләһә илләллаһ, Мұхаммед оның пайғамбары» деген куәлік. Шахада Құдайдың жалғыз екендігін және оның еркін Мұхаммед арқылы жеткізгенін айтады. Бұл сөздер күнделікті азан, намазға шақыру кезінде айтылады.

Екінші тірегі – намаз, мұсылманның Меккедегі қасиетті орын Қағбаға қарап күніне таң сәңірде оқитын парыз намазы. Мұсылмандар таң атқанда, түсте, түс қайтқанда, күн батарда және кешке намаз оқулары керек. Намаз оқудан бұрын олар Меккеге бет бұратын таза жер тауып, дәрет алып, намазға ниет етеді. Содан кейін олар дұға рәсімін дүркін-дүркін қайталайды.

Үшінші тірегі – қасиетті Рамазан айында таң атқаннан күн батқанға дейін ұсталатын ораза. Мұсылмандар Рамазанға қоса, құрғақшылық болған жағдайда Рамазанның өткізіп алған күндерінің өтемі ретінде ант бойынша ораза ұстайды.

Рамазан оразаның мерекесімен аяқталады, Ораза айт мейрамы, жалпы намаз оқылып, мұсылмандар сыйлықтар мен алмасады, ал әрбір ақатты адам жылына бір рет табысының қырық бөлігін бөлісіп, оны кедейлерге және қайырымдылыққа бөлуге міндетті. Төртінші тірек – зекеттің (зекет) мағынасы осы.

Қажылық—иманның парыз негіздерінің бесіншісі және соңғысы – әрбір дені сау мұсылман өмірінде кемінде бір рет мұсылман күнтізбесі бойынша он екінші айда Меккеге, мұсылмандардың қасиетті орны – Қағбаға қажылыққа бару керектігін белгілейді. Қағбаны Ыбырайым мен оның ұлы Ажар Ысмайыл Құдайдың бұйрығымен Адам атаның габдатханасы деп есептелетін жерде тұрғызған деп есептеледі. Исламға дейінгі дәуірде арабтардың 360 құдайына құлшылық ететін орын болған. 630 жылы Мұхаммед бұл пұттарды құлатып, Қағбаны шынайы Құдайға бағыштады.

Жыл сайын қажылық кезінде Меккеге 2 миллион қажы келеді. Олар Қағбаны көргенде ерекше рухани көтерілуді сезінеді. Қажылар габдатханаға кіргенде: «Лаббайка! Лаббайка!» («Мен сенің қолыңдамын!»). Осы сөзден бастап олар тек Құдайға назар аударады. Қажылар басқа уақытта келгенде, умра, ережелері онша қатал емес, кіші қажылық жасайды.

ИСЛАМ МЕМЛЕКЕТІ

Мұхаммед 632 жылы қайтыс болғаннан кейін мұсылман қауымы Құран мен сүннетке, пайғамбардың сөздері мен іс-әрекеттеріне сәйкес заңдар бекітті. Киелі кітап білушілері даулы теологиялық мәселелерді шешу үшін төрт әдісті қолданып,

сүнниттік ислам шеңберінде төрт ислам құқығы мектебін құрды. Бұл мектептер әрбір адамның және бүкіл қауымның өмірін реттейтін мұсылман құқығының біртұтас жүйесін – шариғатты құрайды.



Занды сақтаушы бастапқыда халифа, пайғамбардың мұрагері және орынбасары, мұсылман қауымының діни және саяси жетекшісі болды. 1924 жылы халифат жойылып, оның орнына тәуелсіз ұлттық мемлекеттер пайда болғанымен, ортодоксалды мұсылмандар үшін шариғат имандылық пен сенім мәселелерінде жетекші болып қала береді.

Шиит мұсылмандары да пайғамбар ұрпақтары қасиетті имамдардың ілімін басшылыққа алады. IX ғасырдың аяғынан бастап имамдар мұрагерлігі тоқтаған кезде діни билік «Алланың белгісі» деген мағынаны білдіретін аятолла деген құрметті атаққа ие болған ең беделді және білімді адамның қолына шоғырланды.

СОПЫЛЫҚ



Сопылар – Алланы мистикалық тануға ұмтылатын мұсылмандар. «Сопы» сөзі суф деген сөзге барып тіреледі—бұлағымның ертедегі ізбасарлары киетін ірі жүннен жасалған аскеттік шапанның атауы.

Сопылық Құдайға абсолютті мойынсұнуды және онымен толық біріктірілгенге дейін тікелей қарым-қатынасты болжайды. Сопылар шындық сияқты қарым-қатынасты сезінуге мүмкіндік беретін тәсіл мен әдістерді дамытты. Кейбір сопылардың (мысалы, әл-Халлаж) жанның Құдаймен қосылуын қатты сезінгені соншалық, олар рух пен Құдай бір және бір деп мәлімдеді. Мұндай мәлімдемелер қаскүнемдік ретінде қабылданып, сопылар мен шариғат заңдары, мұсылман құқығы бойынша өмір сүретіндер арасындағы қайшылыққа себеп болды. Алайда, шындығында бұл жерде қайшылық жоқ: сопылар үшін мұсылмандық өмір салтыда, жанды Құдаймен біріктіретін күштарлық та бірдей маңызды. Демек, парсы ойшылы әл-Газали (1058–1111) ислам дінінің бірқұдайшылық, яғни бір Құдайға сену екенін, барлық нәрсенің, соның ішінде Алла мен жанның бір негізін мойындайтын монотеистік ілім емес екендігіне ба-саназар аудара отырып, барлық мұсылман шариғат жолын ұстануы керектігін үйретті.

ИСЛАМ МЕН ҒЫЛЫМ

Мұсылмандар Құдайдың барлығын жаратқанына сенеді және ғаламды зерттеу мен түсіну Құдайға нұсқайды және оның жолдарын түсінуімізді тереңдетеді.

Сондықтан Исламда білім – ілім – жоғары бағаланады. Мұхаммед: «Үйден білім іздеп шыққан адам Алланың жолымен жүреді»,—деген. Ғалым ибн Таймия интеллектуалдық білімнің маңыздылығын тағамның ағза үшін маңыздылығымен теңестірген. Мұсылмандар кітап пен білімнің рухани азық екенін жиі қайталайды. Мұсылман ғұламаларының философиямен астрономияға, химия және медицина мен математикаға қосқан үлесі орасан зор. Бірақ бұл ілім ұғымы қазіргі мағынада ғылыммен бірдей дегенді білдірмейді. Мұсылман ғылыми әрқашан Құдайды зерттеуге жататын барлық нәрсенің қайнар көзі деп санайды. Исламдағы барлық білім белгілі бір дүниетанымға негізделген және ғылым анықтама-сы бойынша объективті болуы керек және әлем туралы қандай да бір алдын ала түсініктерді басшылыққа алмаған ғылыми білім де ерекшелік емес. Бұл орайда мұсылмандық дүниетаным даналықсыз ғылым қауіпті жануар немесе латынның көне мақалында айтылғандай, scientia (білім) сапиентияға (даналық) бағындырылуы керек деген христиандықпен сәйкес келеді.



МЕШІТ



Мешіт сөзі араб масжид сөзінен шыққан – тізе бүгетін орын. Құран Кәрімде: «Міне, бұл—Алла тағала тұрғызған және ішінде Оның есімі еске алынатын үйлер» делінген. Күнделікті намаз міндетті түрде мешітте оқылмайды, жұма және мереке күндері мұсылмандар бас қосып, рүкүг етеді. Мешіттер өзінше бір орталық, имандылардың бас қосатын орны ретінде қызмет етеді. Соныменқатар, оларда белгілі мұсылмандар, әсіресе шәһидтер, халифтер, сопылар жерленген. Мешіттегі негізгі қызметтерді намазды жүргізетін имам, азанға шақырушы, уағызшы хатиб атқарады. Мұхаммед есімімен байланысты мешіттер ерекше құрметке ие. Мединеде Пайғамбар мешітінен басқа екі құбыла мешіті де бар, Мұхаммед намаз кезінде алдымен Иерусалимге емес, Меккеге қарай бұрылған. Меккеде ең құрметті мешіт – өз-Харам мешіті, ал Иерусалимде әл-Әлқа мешітінде Қиямет күні Мұхаммед адамдардың амалдарын өлшейтін таразылар орнатылады. Жақын жерде орналасқан Құббатас-Сахра (Даңқ күмбезі) мешіт емес (кейде оны Омар мешіті деп те атайды), бірақ ол өте құрметті: ішінде Мұхаммед көкке көтерілген тас бар.

Мұнара – Алланың ұлылығының белгісі саналатын мешіттегі биік құрылыс.

Ә.ТҰРАШБЕКОВ,
Ө.Жәнібеков атындағы
ОҚПИ-нің профессоры.

Ұлт дәстүр - ұрпаққа аманат

Қазақ халқының салт-дәстүрлері - ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұра. Алайда уақыт ағымымен, ұрпақтың алмасуымен кейбір дәстүрлер ұмыт қалып, сирек қолданылатын дәстүрлер қатарына еніп бара жатқаны бүгінгі күннің шындығы. Басылымның осы санынан бастап бүгінде күнделікті өмірде немесе той-томалақтарда аса көп ұстана бермейтін, сондай-ақ, кейбір салттың мән - мағынасы жайлы салт-дәстүрлерімізді ұсынып отырмыз.

ШЕГЕ ШАПАН

Шеге шапан (дәстүр, көде). Құда болуға баталасқан екі жақ келіскеннен кейін бір-біріне сый-сияпат ұсынады. Жігіт жағы «қарғыбау» ұсынғаннан кейін қыз әкесі жаушыға «шеге шапан» жабады. Бұл уәде пісті деген сөз. «Жаушы» жіберген жас жігіт ауылы келе жатқан өз «жаушылардың үстіндегі жаңа яғни «шеге шапанын» көріп, оларды шашу шашып қарсы алады.

БАТА АЯҚ

«Бата аяқ» (салт). Ұлдың атасы «бата аяқ» деп бір түйе, бір жылқы жібереді. (Ө.Диваев). Құда болған кісі екі жақтың келісімінен кейін жігіт әкесі қыз ауылына келіп «бата аяқ» өткізеді. Кейде мұны «сырға тағар» деп те атайды. Осы жолы екі жақ тойды өткізу мерзімі, көде, жора, қалың мал жөнінде келіседі. Мұны бата, келісуді «баталасу» дейді. Батаның екі түрі бар:

1. Кесімді бата жасау, мал мөлшері, той уақыты, шығын мөлшері: алыс-беріс, келу-кету т.б.
